

6 – сынып

Пән: Қазақ тілі

Сабақтың тақырыбы:

Етістік және оның түрлері

Сабақтың мақсаты:

- **а) Білімділік:** оқушыларға етістік,оның мағынасы, оған қойылатын сұрақтар, етістіктің құрамына қарай дара және күрделі, тұлғасына қарай негізгі және туынды, мағынасына қарай болымды және болымсыз болып жіктелуі туралы толық мәлімет беру.
- **ә) Дамытушылық:** оқушылардың ой белсенділіктерін арттыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін видеомен жұмыс жүргізу, анализ-синтез тәсілінде слайд, кесте арқылы тақырыпты оңай жолмен түсінуге ыңғайландыру.
- **б) Тәрбиелілік:** Оқушыларды бірін-бірі тыңдап жауап беруге, патриоттық сезімдерін күшейтуге, адамгершіліктерін дамытып, жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге үйрету.

III. Сабақтың көрнекілігі:

- А) семантикалық кесте, таблица, слайд, мәтін, суреттер, сөлемдер, видео.*
- Ә) интерактивтік тақта, компьютер.*
- Б) Қажетті әдебиеттер: мысалдар келтіру, мәтін үшін «Қазақ мақал-мәтелдері» кітабы, А.Құнанбайұлының «Қалың елім, қазағым», М.Шахановтың «Эверестке шығу» өлеңдер жинағы.*

Сабақтың әдісі –
тәсілдері: салыстыру,
дедуктивтік, анализ-
синтез әдісі.

Түрі: дәстүрлі, аралас
сабақ

VI. Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі. Түгендеу.

Оқушыларға психологиялық дайындық.

Оқу үшін талпынар,

Білуге тек ұмтылар,

Болашақты жасайтын

Қалайсыздар балалар?

Сабақтарда алдыңғы

Өтілген еді барлығы:

Сөз табы мен топтары,

Жалғау менен жұрнағы.

Біраз ілім білісіп,


Міне тағы көрістік,

Жаңа сабақ бүгінгі

Қимыл сөздер, ЕТІСТІК!


*Етістік — заттың қимылын, іс -
әрекетін білдіретін сөз табы.
Етістік не істеді? не қылды?
қайтті? деген сұрақтарға жауап
береді. Мысалы: Көп ойласаң,
дана боласың, Көп ойнасаң, бала
боласың.*

*Етістік
құрамына қарай*



Құрамына қарай тек бір ғана етістіктен тұрса , ол дара етістік деп аталады. Ал күрделі етістіктер құрамы кем дегенде екі сөзден тұрады.


Дара етістіктер құрылымына қарай түбір етістіктер және жұрнақ арқылы жасалған туынды етістіктер деген екі топқа жіктеледі.



Негізгі етістік - морфологиялық жағынан түбір және жұрнақ деп бөлшектеуге келмейтін түбір етістіктер. Мысалы: аз, ал, айт, алда, арба, ат, ас, аш, ақ, бар, бас, бат, бер.

Туынды етістіктер – түбірге арнаулы жұрнақтар жалғану жасалған етістіктер. Мысалы: ой+ла, той+ла, тер+ле, сүр+ле, ем+де, көз+де, тоқпақ+та, іс+те.

*Етістік
мағынасына қарай*



болымды

болымсыз

Іс - әрекеттің жүзеге асу - аспауына қарай етістік болымды және болымсыз етістік болып екіге бөлінеді.

***Болымды етістік** қимыл, іс - әрекеттің жүзеге асуын білдіреді. Мысалы, келді, жүрді, сөйледі т. б. Болымсыз етістік қимыл, іс - әрекеттің жүзеге аспауын білдіреді.*

Болымсыз етістіктің жасалуы:

*1. **Болымсыз етістік** негізгі немесе туынды түбір етістіктерге – ма, - ме, - ба, - бе, - па, - пе жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, айт+па, қал+ма, ойна+ма, суар+ма, азсын+ба т. б.*

2. Етістіктің есімше тұлғасы мен «жоқ», «емес» сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, өшірген жоқ, өшірген емес т. б.

Оқушыларға мысалдар ойлату :

Негізгі етістік: ... (көр, оқы, жатта)

Туынды етістік: ... (адымда, ойла, сана)

Күрделі етістік: ... (ұшып жүр, ойланып отыр)

Болымды етістік: ... (келді, көтер, әкел)

Болымсыз етістік: ... (байқамады, келген жоқ)



6.2. Жаңа сабақты бекіту жолдары

2.a Карточкамен жекелей жұмыс.

(3 оқушыға семантикалық карта таратылып беріледі).

Атауы	Дара етістік	Күрделі етістік	Негізгі етістік	Туынды етістік	Болымды етістік	Болымсыз етістік
мысал						
<i>Баста</i>						
<i>Ойнап отыр</i>						
<i>Жеңілген жоқ</i>						
<i>Жүгіріп жүр</i>						
<i>Кел</i>						
<i>Ойнады</i>						
<i>Сана</i>						

Бұл тапсырманың мақсаты: оқушыларды етістіктерді түрлеріне қарай жіктей білуге дағдыландыру.

2.6 Тақтамен жұмыс

Карточка алмаған оқушыларға интерактивтік тақтадан тапсырмалар орындату. Берілген өлең жолдарын мәнерлеп оқып шығып, ішінен етістікті табу, түрлеріне қарай ажырату.

*1. Рухсыздың, қайырсыздың баюы,
Бәлкім, ертең ұлтымызға зор қайғы.
Жинасаң да әлемнің бар алтынын,
Қоршар сені салқын шаттық, салқын үн.
Адамдығың көрсетпесе жарқылын,
Ешкім рух байлығынан бөлініп,
Шын бақытқа жеткен емес, жарқыным!*

М.Шаханов

*2. Сен жыладың,
Бір қатты соққы алдым деп,
Бақытсыз болып қалдым деп.
Жә, жә, жарар,
Өткен күн оралар ма,
Қарау керек, бауырым, саған алға,
Басыңдағы бөрік пе, орамал ма?*

М.Шаханов

Тапсырманың берілуіндегі мақсаты: *Өлеңді мәнерлеп оқуға машықтандырып, мағынасы үңілдіру, намысшыл болуға, рухын жоғалтпауға үйрету.*

2.в Оқулықпен жұмыс . Оқулықты ашып,
дәптерге 221-жаттығуды орындау.

221-жаттығу

*Берілген негізгі түбірлерден туынды
етістік жаса:*

Негізгі түбірлер: аз, жас, соққы, шуыл, аш,
отыр, бас, хабар.

2.г. Тіл дамыту жұмысы.

Тапсырмалардың берілуіндегі мақсаты: шапшаңдылыққа үйрету, есте сақтау қабілеттерін арттыру, қазақ халқының ауызша тараған мұраларымен қайта танысу, білімдерін толықтыру.

а) Отырған қатарлары бойынша ортасынан екі топқа бөліну. Бірінші топ болымды етістіктері бар 5 мақал не нақыл сөз (мысалы, «Жалған намыс - қасиет емес, ар сақтаған – қасиет» (М. Әуезов), Шашу-оңай, жинау-қиын; Көпті жамандаған көмусіз қалады; т.б.), екінші топ болымсыз етістіктері бар 5 мақал не нақыл сөз (мысалы, «Бермегенді беріп ұялт»; Ұшқынсыз от тұтанбас (Б.Момышұлы); Пайда ойлама, ар ойла; т.б.) жазу керек.

Жұмбақ шешу

ә) слайдта көрсетілген жұмбақтарға жауап беру.

**АЯҒЫ ЖОҚ ЖҮРЕДІ,
СЫЛЫҚ – СЫЛЫҚ КҮЛЕДІ.**

Жауабы:

C

Жұмбақ шешу

**Сөз үйретсең қайталайды,
Өздігінен айта алмайды.**

Жауабы:

ТОТЫ ҚҰС

Жұмбақ шешу

**Тілдермен
жүреді,
Уақытты біледі.**

Жауабы:

CAFA

был
бы
т с
ол
да
ди

терін жазып отыру.

6.3 Жаңа сабақты қорытындылау

3. а. Берілген ұяшықтардың бірін тандап,
сұрақтарға жауап беру.

Берілген ұяшықтардың бірін таңдап, сұрақтарға жауап беріңдер:



Диктант

Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады (А.Байтұрсынов). Масқарадан ажал да ақтап ала алмайды (М. Әлімбаев). Сайланарда бермейтін уәделері жоқ. Сайланып алған соң аспанда құдай барын, ел-жұрт алдында абырой - ұят барын ұмытып кетеді (Ғ. Мүсірепов). Әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі (М.Жұмабаев). Арын сатқан антұрғанның айтқан сөзі құрсын (Абай).

3.в. Қорытындылау

- *Бағалау*

- *Үйге тапсырма:*

“Сүйемін туған тілімді” эссе жазу.

Сабақты даярлаған: Ізбас А. А.

*1. Етістік,
беретін мағынасы,
сұрақтары.*



2. Етістікті зат есім, сан есім, сын есім, есімдікпен тіркестіріп, сөз тіркесін айту.



**3. Етістіктің
мағынасына қарай
түрлері. 1-1 мысалдан.**



***4. Етістіктің құрамына
қарай жіктелуі.***



*Туынды
етістіктерге
4 мысал келтіру.*



*Болымсыз етістік
қандай
жолдармен
жасалады?*

